

Шу аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Жамбыл облысы Шу аудандық мәслихатының 2020 жылғы 23 шілдедегі № 68-7 шешімі . Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 29 шілдеде № 4690 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жыл 23 қаңтардағы Заңының 7 бабына және "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27 бабына сәйкес, Шу аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ :

1. Келесі шешімдердің күші жойылды деп танылсын:

1) "Әлеуметтік көмек беру туралы" Шу аудандық мәслихатының 2018 жылғы 19 наурыздағы № 25-4 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3771 болып тіркелген, 2018 жылғы 18 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) шешімі;

2) "Шу аудандық мәслихаты аппаратының қызметтік куәлікті беру Қағидаларын және оның сипаттамасын бекіту туралы" Шу аудандық мәслихатының 2016 жылғы 21 қазандағы № 5-4 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3211 болып тіркелген, 2016 жылғы 25 қарашада Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) шешімі.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың әлеуметтік-мәдени саланы, денсаулық сақтау, білім, қоғамдық және жастар ұйымдарымен байланысты дамыту, қоғамдық тәртіпті сақтау, әкімшілік-аумақтық құрылымды жетілдіру жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Шу ауданының
мәслихатының сессия төрағасы*

Д. Ахметов

*Шу ауданының
мәслихат хатшысы*

Е. Умралиев